Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

ӘӨЖ 004.056.5 Қолжазба құқығында

ЖУМАНГАЛИЕВА НАЗЫМ КЕНЖЕГАЛИЕВНА

Шабуылдарды табу жүйесіне арналған параметрлер күйінің ауытқымалығын бақылау технологиясы

6D070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
техника ғылымдардың докторы,
профессор Ахметов Б.С.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
техника ғылымдардың докторы,
профессор Корченко А.Г.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер берілген:

ҚР МЖМБС 5.04.034 – 2011 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Докторантура ». Негізгі ережелер ҚР білім және ғылым министрімен бекітілген. «17» маусым 2011 ж. №261 ж. Астана 2011.

«Диссертацияларды және авторефераттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық», ҚР БҒМ, Жоғары аттестаттау комитеті, Алматы 2004

МЕСТ 7.32-2001.- Ғылыми зерттеу жұмыстары туралы есеп. Рәсімдеудің ережесі мен құрылымы. – Астана, 2001.

МЕСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба.

ҚРСТ 34.007-2002. Ақпараттық технология. Телекоммуникациялық желілер. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 5-ші шілдедегі № 567-II «Байланыс туралы» Заңы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Компьютерлік жүйелер - ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ең маңызды ғылыми мәселелердің бірі ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ең маңызды ғылыми мәселелердің бірі ресурстарына кибер шабуылдарды идентификациялауге байланысты бағыт болып табылады.

Катыстылық функция - ҚФ объект кез келген лингвистикалық анықтамаға сәйкес келу мүмкіндігі туралы түсінік береді.

Лингвистикалық термдердің статистикалық мәліметтерін қолдану (ЛТСМҚ) әдісі анық емес жиынтықпен сұралатын элементтерді бағалау жиілігі негізінде сипаттайды.

Деңгейлік жиындар әдісі(ДЖ) тиянақталған α-деңгейлерінде X жиындарының элементтерін таңдау мүмкіндігін қолданады.

Сандық әдіс (СӘ) қарастырылған әрбір кластың сандық мәнін анықтайтын сарапшылар тобының сұранысымен байланысты және барлық n сарапшылардың мәліметтері бойынша орташасы, яғни $\tilde{\mu_A}(x) = (\tilde{\mu_A}(x_1) + \ldots + \tilde{\mu_A}(x_n))/n$ анықталады.

Numbers of Virtual channels (*NVC*) – Виртуал арналар саны,

Virtual Channel Age(*VCA*) – Виртуал арнаның жасы,

Number of concurrent connections to the server(*NCC*) – Бір мезеттегі серверге қосылулар саны,

Speed of processing requests from the clients(*SPR*) – Клиенттердің сұранысын өңдеу,

The delay between requests from the single user(*DBR*) – Бір қолданушының сұраныстарының арасындағы кідіріс.

Number of packages with the same sender and receiver address(*NPSA*) – Бірдей мекен - жайы бар жөнелтуші мен алушының пакеттер саны.

-

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АДА - α-Деңгейлі арақашықтық
МБВ - Базалық шама моделі
КД - Кіріс деректері
ШД - Шығыс деректері
АЖ - Ақпараттық жүйелер
КМ - Коэффициент маңыздылығы
КЖ - Компьютерлік жүйе
АЕА - Анық емес айнымалылар
СДЛТӘ - Статистикалық деректерді пайдаланылатын лингвистикалық терм әдісі
АЕАӘ - Анық емес арифметика әдісі
КАӘМ - Коэффициентті анықтау әдісінің маңыздылығы
ТСФӘ - Тиістілік салыстыру функциясының әдісі
ТҚФМ - Тиістілік функция қалыптастыру моделі
МЭВ - Эталонды шамалармоделі
АЕЖ - Анық емес жиыны
АЕС - Анық емес саны
АЕЭ - Анық емес эталоны
ОЖ - Операциялық жүйе
БҚ - Бағдарламмалық қамтамасыздандыру
АЖР - Ақпараттық жүйе ресурсы
ШТЖ - Шабуылдарды табу жүйесі
ШБЖ - Шабуылдарды болдырмау жүйесі
ОР - Орташа ранг
ЭШМ - Эталонды шама моделі
ТФ - Тиістілікфункциясы
ШЕ - Шешу ережесі
ЭТ - Эксперттік топ
ЭА - Эксперттік ақпарат
ЭБ - Эксперттік баға
MI - Матрица инициализациясы
DBR - The delay between requests from the single user
IDS - Intrusion detection system
IPS - Intrusion prevention system
NCC - Number of concurrent connections to the server
NPSA - Number of packages with the same sender and receiver address
NVC - Numbers of Virtual channels
SPR - Speed of processing requests from the clients
VCA - Virtual Channel Age

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамның, қоғамның, мемлекеттің және барлық салаларына жағымды әсер етуде. Сонымен қатар алғашқы кезекте ақпараттық жүйелердің (АЖ) ресурстарына зиянды әсер ететін жаңа кибершабуылдарды туындататын қатерлер компьютерлік жүйелер мен желілерге байланысты жағымсыз әсерлер де байқалады. Осыған байланысты айтылған қорғау жүйелері талдауға, болжауға, бақылауға мүмкіндік беретін қажеттілік туындатады. АЖ ресурстарының (АЖР) кең таралған қауіпсіздік шешімі ретінде ең алдымен компьютерлік желілер арқылы рұқсатсыз қолжеткізуді анықтау фактілеріне бағдарламалық немесе бағдарламалық–аппараттық құралдарға негізделген шабуылдарды табу жүйесі (ШТЖ) болып табылады. Шығарылған шешімдер шабуылдарды анықтаудың сигнатуралық (шаблонды) және ауытқымалы ұстанымдарына негізделген. Заманауи ауытқымалы ұстанымның ШТЖ негізінен статистикалық мәліметтерді алуға көп уақыт қажет ететін, оқыту үрдісін жүзеге асыруға (нейро желілік жүйелер үшін) және басқа күрделі және ұзақ дайындық барысын қажет ететін математикалық модельдерге негізделген. Бұл тұрғыда сарапшылардың пайымдарын қалыптастыруға негізделген және оларды компьютерлік желілер мен жүйелер шабуылдаушы әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау барысында қолданылатын ұстанымдар нәтижелі болып табылады.

АЖР рұқсат етілмеген әрекеттер олардың қоршаған ортасына әсер етіп, белгілі аутықушылықтар тудыратыны белгілі. Ол әлсіз қалыптасқан, анық емес және осындай ортада ауытқушылық тудырған шабуылдарды анықтауға арналғандықтан арнайы модельдер, әдістер мен жүйелер қолданылуы керек. Желілік қарама-қарсылық жүйесінің нәтижелілігін жоғарылату және функционалды мүмкіндіктерін кеңейтуге анық емес жағдайда қызмет атқаруға бағытталған жаңа, сәйкес шешімдерді қолдану арқылы жеткізуге болады.

Анық емес әлсіз қалыптасқан ортада ақпаратты қалыптастыру және оның нәтижелі өңдеуін жүзеге асыру үшін негіздерін Л.Заде (А.Алексеев, А.Борисов, Д.Дюбуа, А.Кофман, В.Кузьмин, Ю.Минаев, С.Орловский, А.Орлов, Д.Поспелов, А.Прада, А.Ротштейн, Р.Ягерь, ақпаратқа қатысты –А.Корченко еңбектерінде дамытылды) қалады, ал аталған арнайы әдістер мен модельдерге негізделген қабылданған шешімдерді жүзеге асыру барысында (шабуылдаушы әрекеттерді анықтау бойынша) сәйкес құралдар қажет.

Осында сонымен қатар бірінші бөлімнің 1.1 бабының талдауын енгіземіз (Шабуылдарды анықтаудың заманауи әдістері мен құралдары).

Осы түрдегі тапсырмаларды шешу ұстанымдарының бірі [1-16] анық емес жиындарға негізделген, АЖР рұқсатсыз ену фактілерін анықтау мақсатында әлсіз құрылымдалған мәліметтерді өңдеуге бағытталған, мысалы компьютерлік желілер арқылы шабуылдарды анықтаудың сәйкес құралдары, әдістер мен жүйелерді қолдануға негізделеді.

Көрсетілген шабуылдарды анықтау тапсырмаларын шешу үшін қолданылатын біршама нәтижелі, жекелеген әзірлемелер белгілі, мысалы:

шабуылдарды анықтаудың анық емес ұстанымдары[1-2]; және ауытқушылықтарды детектрлеу [3]; сәйкес анық емес моделдер (менің еңбектерім) және әдістер [4]; шабуылдарды анықтау жүйесі[5-12]; анық емес ережелер жиыны [1;2;4;6;7;9-14]; лингвистикалық айнымалыларды [13;15]және анық емес эталондарды құру әдістері [13]; сонымен қатар басқа анық емес жағдайда қорғау міндеттерін шешуге [16]; қолданылатын әзірлемелер. Аталған зерттеулер анық емес жиындардың математикалық аппаратын сәйкес қолданудың нәтижелілігін көрсетті, ал оны кибершабуылдарды анықтаудың ұстанымын қалыптастыруға қолдану шабуылдарды анықтаудың сәйкес жүйелерін құру үрдісін жетілдіруге мүмкіндік береді. Аталған және басқа дерек көздерінде кибершабуылдардың сәйкес класының әсерінен туындаған ауытқушылық жағдайын анықтауға болатын, берілген уақыт аралығында анық емес жағдайда қоршаған ортаның шамаларын бақылау үшін қолданылатын қажет компоненттер жиынын қалыптастыруға қажет ұстаным қалыптаспағанын есепке алған жөн.

Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі желілік сигнатуралық емес кибершабуылдар туындайтын анық емес жағдайда ауытқуды анықтау жүйесінің және технология, әдіс, моделі негізінде қазіргі заманғы шабуылдарды табу жүйесінің (ШТЖ) мүмкіндіктерін кеңейтетін құралдарды өңдеу қажеттілігімен анықталады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Компьютерлік желілерде сигнатуралық емес кибершабуылдар түрін анықтау жүйесінің мүмкіндіктерін арттыру үшін, ауытқу күйін идентификациялау үшін модельлер мен құралдарды әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің негізгі міндеттері:

1. Компьютерлік желілердегі шабуылдарды анықтау үшін қолданылатын теориялық және тәжірибелік базалардың қазіргі заманғы даму жағдайын зерттеу;
2. Компьютерлік желілердегі кибершабуылдардың белгілі бір, қоршаған ортадағы ауытқу жағдайын өлшемін көрсететін және базалық шамалар моделі мен эталонды шамалар моделін құрастыру;
3. Базалық шамалар моделі мен эталонды шамалар моделінің негізінде қалыптастыру үшін ауытқу жағдайын анықтауға арналған шешуші ережелер моделін құру;
4. Базалық шамалар моделі, эталонды шамалар моделі және шешуші ережелер модельдерінің негізінде тіркелмеген әрекеттерді тудырған ауытқу жағдайын анықтау технологиясын әзірлеу;
5. Ауытқу жағдайын анықтау технологиясы негізінде сигнатуралық емес кибершабуылдарға бағытталған шабуыл жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту үшін құрылымдық шешім шығару;
6. Компьютерлік желілердегі шабуылдаушы әрекеттерді анықтауға мүмкіндік беретін жаңа техникалық шешімдерді әзірлеу және эксперименталды зерттеу жүргізу.

Зерттеу нысаны және мәні. Зерттеу нысаны - компьютерлік желілерде шабуыл әрекеттерімен жинақталатын ауытқымалы жай-күйін анықтау үрдісі.

Зерттеу пәні - модельдер, әдістері, тәсілдері және компьютерлік желілерді шабуыл жүйесінің әрекеттері мен жинақталатын ортада анық емес аутқымалыны табу жүйесі.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеуді орындау аясында төмендегідей ғылыми зерттеулер алынды:

1. Белгілі бір желілік шабуылдардың жиынтығына тән, анық емес айнымалы эталондарын құру процесін қалыптастыруға мүмкіндік береді және қоршаған ортадағы ауытқу жағдайын өлшемін көрсету «шабуыл: түйіндес жұп жиынтығы» және «шабуыл: шамалар» жұп жиынтығының негізінде енгізілген шамалардың есебінен, базалық шамалардың моделі және эталонды шамалардың моделі ұсынылды; ары қарай дамытылды;

2. Компьютерлік желілердегі ауытқу жағдайын сарапшылық жолмен анықтауға арналған шешуші ережелер жиынын қалыптастыру мүмкіндігін береді, эталонды шамалар жиынының есебінен түйіндес жұп пен анық емес идентификациялау матрицасын сарапшылық бағалаудың әдістерімен қалыптасқан шешуші ережелер моделі ары қарай дамытылды;

3. Тұңғыш рет шабуылдарды анықтау жүйесі үшін кез келген Лингвистикалық эталондарды жалпы түрде құруға арналған ұстаным құрастырылды.

Әдіс базалық шамалар моделі мен эталонды шамалар моделіне негізделген:

Әдісте қолданылады:

- лингвистикалық бағалардың идентификация жиыны;
- аралықтар идентификация жиыны;
- шамалардың ағымдағы күйін шабуылдарға қатысты сипаттайтын
- сарапшы пайымдарын бейнелейтін базалық жиілік матрицасы;
- шамалардың ағымдағы күйін шабуылдарға қатысты сипаттайтын-
- сарапшы пайымдарын бейнелейтін туынды жиілік матрицасы;
- сарапшы бағаларының берілген аралықтарда кездесу жиілігін
- қалыптастыру үрдісі;
- анық емес термдердің ішкі жиындарының берілген аралықтарда
- кездесу жиілігін
- қалыптастыру үрдісі;

Лингвистикалық эталондар нақты гетерогенді параметрлі қоршаған ортада ауытқушылықтың түрлі жағдайын сипаттайды;

4.Базалық шамалар, эталонды шамалар және шешуші ережелер моделі негізінде тіркелмеген әрекеттері табу, сарапшылық ұстаным негізінде және қалыптасқан анық емес ағымдағы шамалар арқылы кибершабуылдардың сигнатуралық емес түрлерін идентификациялау құралдарын құруға мүмкіндік беретін ауытқу жағдайларды анықтау технологиясы құрылды;

5. Анық емес арифметика модулі және ішкі жүйелердің есебінен ауытқушылық жағдайын анықтау технологиясының көмегімен жүзеге асырылған шабуылдарды анықтау жүйесінің құрылымдық шешімі; желілік шамалардың анық емес эталондарын қалыптастыру; шешуші ережелерді және алғашқы өңдеуді қалыптастыру қоршаған ортадағы белсенділікті

бақылау шабуылдарды анықтаудың қазіргі заманғы жүйесінің функционалды мүмкіндіктері ары қарай дамытылды**.**

Зерттеу әдістері анық емес теориясы, жиынтықтар, шешім қабылдау алгоритмдерін, модельдеу, ақпараттық процестер мен құрылымдардың модельдеу, сондай-ақ сараптама және есептеу әдістеріне негізделген.

Кіріспеде зерттеудің өзектелігі, зерттеу мәселесіне байланысты проблемалар нақтыланды. Жұмыстың идеялары, зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, жұмыстың ғылыми жаңалықтары мен практикалық бағалығы келтірілген.

Бірінші бөлімде. Әдістер және шабуылдарды жүзеге асыру құралдарына сараптама жасалды, олар біршама кең спектрді құрайтыны, үздіксіз жетілдірілетіні компьютерлік жүйелер мен желілердегі тіркелмеген әрекеттерді жүзеге асыруда қолданылады. Нейрожелілік ұстанымдар статистикалық әдісінің қолданылатын бағытты негізінен ШТЖ кең таралған. Статистикалық мәліметтердің жеткіліксіз іріктемесіне, қоршаған ортадағы күтпеген өзгерістерге, жүйені оқытудағы қателіктерге, белгісіз шабуылдарға (мысалы «0-day» және белгілі шабуылдардың түрленуі анықтауда белгілі қиындықтарға әкеледі) біршама сезімтал болып келеді.

Екінші бөлімде ШТЖ ауытқу жағдайын анықтау моделдерін жасауға арналған. “шабуыл : шамалар” және “ шабуыл**:** түйіндес жұптар жиыны ”жұптар жиынын ескере отырып, базалық шамалар модельдері мен эталонды шамалар модельдері негізінде кибершабуылдардың нақты түрі туындатқан ауытқушылық жағдайын көрсетуге мүмкіндік беретін шешуші ережелер моделі ұсынылды.

ШЕМ құру үшін анық емес идентификаторлар жиыны еңгізілді (fuzzyidentifiers).

Үшінші бөлімде желілік шабуылдардан пайда болатын ауытқушылықты анықтаудың технологиясын әзірлеуге және ауытқуды табу жүйелеріне арналған жаңа құрылымдық шешімдерге арналған. Ұсынылған технология екінші тарауда әзірленген математикалық модельдер, анық емес логиканың әдістеріне және бірінші бөлімде талданды, түйіндемелерге негізделген. Онда сегіз негізгі кезеңдер бар, ол кибершабуылдың нақты түрімен туындаған ауытқулар жағдайын анықтау үдерісін анықтайды.

Төртінші бөлім компьютерлік желілердегі ауытқушылықтарды анықтау құралдарын зерттеу мен тәжірибелік жүзеге асыруларға арналған. Порттардды сканерлеу туындатқан, ұсынылған ауытқушылықтарды алгоритмдік қамсыздандыру және типтік жүйе негізінде сканерлеуші құралдарды анықтаудың бағдарламалық жүйесіне және шабуылдаушы әрекеттер туындатқан ауытқушылықтарды анықтаудың қолданбалы жүйесіне тәжірибелік зерттеу жүргізілді**.** Сонымен бірге ұсынылған әдісті жүзеге асыратын жүйенің негізігі жұмысы көрсетілген, түрлі кибершабуылдардың үшін алынған түрлі ауытқушылық жағдайлардың графикалық түсіндірмесі берілген,ал негізгі эксперимент Ұлттық авиациялық университеттің ақпараттық технологиялар қауіпсіздігі

кафедрасының жұмыс бекеттеріне 1500 шабуылдарды модельдеу жолымен жасалды.

Осымен бірге шабуылдарды анықтау 29,3 % жағдайда SR_{15} = “Егер $\underset{\sim}{t}_{VCA}$ $\underset{\sim}{T}^{e}_{VCA}$ енетін $\underset{\sim}{Y}^{e}$ неғұрлым жақын болса және $\underset{\sim}{t}_{NVC}$ $\underset{\sim}{T}^{e}_{NVC}$ енетін $\underset{\sim}{VB}^{e}$ неғұрлым жақын болса, онда *SN* тудырған ауытқушылық жағдайының деңгейі LIM болады”ережесін ал 38,7 % және 32 % сәйкесінше SR_{14} және SR_{13} ережелерін бастамашылыққа алатынын атап өткен жөн.

Жүргізілген верификация нәтижелерінен барлық шабуылдарсарапшының түрлі сенім дәрежесін көрсететін түрлі ережелер арқылы анықталғаны көрінеді. Осыған сәйкес ұсынылған моделдер мен жүйелерді жүзеге асыру үлгіленетін әрекеттерге реакция бейнелейтіні туралы қорытынды жасауға болады.

Қорытындыда диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері және қорытындылары көрсетілген.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ауытқушылықтарды анықтау үшін программалық-аппаратты модульдер немесе программалық модульдер түрінде техникалық шешімдер құрғанда және автономды немесе қазіргі заманғы ШТЖ функционалдығын кеңейткіш ретінде қолданылуы мүмкін. Тәжірибелік маңыздылығы келесіде:

құрылған модельдер және технология негізінде 1701 «Ақпараттық қауіпсіздік» саласында мамандарын дайындайтын оқу барысында қолданылатын лабораториялық жұмыс және дәрістік материал құрылды. Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік қолданылуы Ұлттық авиациялық университет (Киев, Украина) оқу процесіне еңгізу актімен (17.02.2017ж) расталады.

ауытқу күйді анықтау ұсынылған технологиясы негізінде анық емес нақты қалыптасқан ортада ақпараттық жүйелер ресурстарына кибершабуылдарды анықтауға мүмкіндік беретін «Анық емес логика негізінде порттарды сканерлеуді анықтау» компьютерлік программасы құрылды, ол ақпараттық жүйе қорғалу дәрежесін жақсарту және қорғау желілік жүйесінің жұмыс тиімділігін оңтайландыруға мүмкіндік берді, ол «Сайфер БІС» ЖАҚ жұмысына енгізу актімен расталады (03.02.2017).

Зерттеу нәтижелерінің аппробациясы

Зертеудің негізгі нәтижелері төмендегі конференцияларда баяндалды:

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар: білім, ғылым, тәжірибе» атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектер. Қ.И Сатпаев атындағы ҚАЗҰТУ Алматы. Шабуылдарды табу жүйесіне арналған бағалау сараптамасының әдісін талдау

«Қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Украина, Киев 2015 ж Шабуылдарды табу жүйелерін құру үшін анық емес жинақтар әдістерін талдау.

Басқару және автоматтандыру жүйелер бойынша 16-шы халықаралық конференция / ICCAS.2016 Gyeongju, Оңтүстік Корея, 2016 Шаблонды және өлшеу шабуылдары мен ақпарат құнының критериясы бойынша желілік модельді бағалау.

«Ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелердің қауіпсіздігі мен жағдайы» (SITS-2016). //-Николаев-Коблева: Халықаралық технологиялық университеті Кибер қауіпсіздік ақпараттық-психологиялық аспектілері

ITSEC - VI Халықаралық ғылыми-техникалық конференциясы 2016. Украина, Киев Ұлттық авиациялық университеті. Ақпараттық ресурстардағы шабуылдардың параметрлерін анықтау үшін ақпараттық-аналитикалық жүйе

Киберқауіпсіздікті және ақпаратты қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері: II Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция (Украина, Киев 2016) Кибершабуылды анықтау жүйелеріне арналған шартты анықтау анықтамаларын құру әдістемесі

Киберқауіпсіздіктің өзекті мәселелері және ақпараттық қауіпсіздік: III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция:(Украина, Киев Еуропалық университет, 2017 ж) Сниффинг шабуылдарды анықтау үшін Лингвистикалық стандарттарды құру

Басылымдар. Берілген ғылыми зерттеу 23 жұмыс жарияланған, оның 8 -ҚР БҒМ - Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жариаланған, 4 мақала Scopus мәліметтер қорына кіретін баылымдар жарияланған, 4 мақала ғылыми журналдарда және ғылыми еңбектер жинақтарында жарияланды: халықаралық конференциялар жинағында (Украина) 5 мақала, халықаралық конференцияның материалдарында 2 мақала жарияланды (Қазақстан).

Диссертация құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, төрт бөлімнен, жалпы қортындылардан, қосымшалардан, қолданылған әдебиеттер тізімнен тұрады және негізгі мәтін 146 парақты, 41 сурет, 23 кесте, әдебиеттер тізімі 124 атаудан тұрады. Жұмыстың жалпы беттер саны 175 бет.

1 ШАБУЫЛДАРДЫҢ ІС- ӘРЕКЕТТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН АУЫТҚУЛАРДЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЗАМАНАУИ КӨЗ-ҚАРАС

1.1 Шабуылдарды табудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын анықтау

Қоғамның барлық салаларындағы заманауи компьютерлік технологияларды қолдану үлкен деректер көлемін автоматтандырылған түрде өңдеуге мүмкіндік берді. Қоғамның жаппай автоматтандыру пайдаланушылардың кең ауқымына ақпаратпен жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ол түрлі ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігін көбейтті. Бұл жаңа кибершабуылдар туындататын ақпараттық жүйелер ресурстарына енетін қауіп-қатердің жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты теріс әсер етеді.

Сондықтан, қазіргі ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ең маңызды ғылыми мәселелердің бірі компьютерлік жүйелердің (КЖ) ресурстарына кибер шабуылдарды идентификациялауға байланысты бағыт болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде КЖ және желілерді кибершабуылдардан қорғау үшін ШТЖ (шабуылдардан табу жүйесі) және ШБЖ (шабуылдарды болдырмау жүйесі) жиі қолданылады. Тұңғыш ШТЖ тұжырымдамасы түрлі бұзушылықтарды талдаудың жүйелік журналында қарастырылған жұмыста [17] ұсынылды. Сонымен қатар [18] жұмыста жүйенің қалыпты белсенділігінің профилі, мәліметтердің статистикалық сараптамасы және т.б. аспектілерге ерекше назар аударылған сараптамалық ШТЖ сипатталды. Қазіргі заманғы ШТЖ міндеттері негізінен шынайы уақыт режиміндегі ақпарат ағынын өңдеуге, бейімділікті қамтамасыз етуге, сонымен қатар ШБЖ кейбір қызметтерін орындауға, яғни анықталған шабуылға сәйкес жедел жауап әрекеттерін жүзеге асыруға бағытталған [19]. Бұл жүйелер әдетте екі құрамдас бөліктен: бағдарламалық немесе бағдарламалық-аппараттық қамтамасыздандыру түрінде жүзеге асырылған және бастапқы деректерді жинауға бағытталған түрлі датчик, детектор, сенсорлар сияқты бақылау модульдері; бақылау модульдерін конфигурациялау және жиналған ақпаратты өңдеуге жауапты консоль, менеджерлер түріндегі басқарушы модульдерден тұрады. Сонымен қатар оның құрылымына құрамы ШТЖ түріне байланысты көмекші құрамдас бөліктер (мысалы, жүйе жұмысымен байланысты мәліметтерді сақтауға арналған қорды басқару жүйесі) енуі мүмкін [20].Олардың негізгі қасиеттеріне басымдық беру үшін төмендегі негізгі белгілерін жалпыланған негізде қолайлы көрінетін топтастыруды жүзеге асырамыз[19, 21-24].



Сурет 1.1- ШТЖ жалпыланған топтастырылуы

1. Мониторинг объектісінің типі бойынша (ақпарат жиыны): түйінді,желілік. Түйінді ШТЖ желідегі белгілі бір торапқа бақылау жүргізеді. Олар операциялық жүйеге тәуелді және [25] сәйкес олар тым болмаса келесі функциялардың біреуін орындауы тиіс: файл жүйесін бақылау(файлдар мен директорийлер тұтастығын тексеру); оқиғалар журналының сараптамасы (оқиғалар журналынан күдікті шаблондарды іздеу); желілік бірігулерді бақылау(қауіпсіздік саясаты бұзылыстарына бастапқы және шығыс желілік бірігулеріне сараптама); операциялық жүйенің түйіні негізінде сараптама (кез келген операцияны бұғаттауға мүмкіндік беретін айрықша артықшылықтары бар жүйені бақылау). Желілік ШТЖ белгілі желілік сегментті бақылауды жүзеге асырады және оған бағытталған шабуылдарды детектрлеуге арналған. Ақпараттың қайнар көзі желі трафигі, желілік пакеттің тақырыпаты мен мазмұны болып табылады. Бұл жүйелер әдетте таратылған болып табылады және келесі құрамдас бөліктерден тұрады [18]: сенсор (мәліметтерді жинау және оларды алғашқы сараптамадан өткізу қызметін атқарады); басқарушы топтама(сенсорлардан мәліметтерді жинау, олардың қайталама сараптамасы мен өзара байланыстылығына жауапты); мәліметтер қоры(әдетте жеке сервер түрінде орындалған және оқиғалар туралы ақпараттың сақтау орны болып табылады); консоль(жүйені басқарудың интерфейсі**)**.

2. Архитектурасы бойынша – орталықтандырылған, таратылған; орталықтандырылған ШТЖ бір жұмыс бекетінде жүргізілетін есептеулерге, ал таратылған ШТЖ желі бойынша таратылған сенсорлар, есептеулер орталығы және басқарушы консолі сияқты элементтер қатарын қарастырады [19].

3.Талдау технологиясы бойынша – сақталмаған жадайда, сақталған жағдайдың сақталуымен, жағдайдың сақталуынсыз. Алғашқысы әрбір оқиға

өзгелерден тәуелсіз қарастырылады, ал екіншісінде өткен оқиғалар туралы ақпарат сақталады және шешім қабылдағанда ескеріледі. [19].

4.Шабуылдарды анықтау әдісі бойынша – сигнатуралық, ауытқымалы; сигнатуралық (белгілік), ауытқымалы. Бұл ШТЖ бар белгілер бойынша желілік трафиктегі белгілі шабуылдардың дайын модельдерін немесе жоғары деңгейдегі мәліметтерді іздеу жүзеге асырылады және бүгінгі күнге олар ең кеңінен таралған болып табылады[26]. Белгілер (сигнатуралар) әдетте бір пакетті, кестелерді сараптау негізінде қызмет атқаратын және сегменттерді жинақтауды талап ететін түрлерге бөлінеді[20].Белгілік тәсілдеме шабуылдарды сипаттаудың дайын моделіне және оны бақылауға алынған кеңістіктен(мысалы желілік трафикте, хаттамаларда, тіркеу журналында т.б.) іздеуге негізделеді. Бұл технология мейлінше қарапайым, бірақ белгілерді сипаттау механизмін құру және шабуылдарды барлық мүмкін өзгерістерін айқындау мәселесі туындайды. Егер бірінші мәселе кейбір өнімдерде шешілсе (мысалы Advanced Packets Exchange), ал екіншісін тәжірибелік тұрғыдан іске асыру өте қиын [27]. Екінші типті жүйелер ауытқушылықты анықтауға бағытталған. Олар жүйенің қалыпты(қалыпты емес) пішінін құрайды және одан ауытқушылықты детектрлейді [27]. Бұл ШТЖ жүйенің ауытқушылық жағдайы қалыпты тәртіптен ауытқу ретінде қарастырылатын болжамға негізделеді. Бұл жағдайға мысал ретінде қысқа уақыт аралығындағы желілік қосындылардың көп мөлшері, орталық процессіордың жоғары жүктемесі немесе қолданушы іске қоспаған жабдықтың қолданылуы т.б. Кейде ауытқымалы жағдай үнемі шабуыл болмайды, мысалы, жүйелік әкімшінің бекеттердің белсенділігі туралы монополиялық сұранысы [28] dos –шабуыл ретінде қабылдануы мүмкін. Осыларды ескере келе шабуыл болып табылмайтын ауытқушылық жағдайды анықтау және топтастыру; ауытқушылық жағдай кейпіне жатпайтын шабуылдарды өткізіп жіберуі мүмкін. Қорғалатын объектілер үшін екінші жағдай біріншіге қарағанда қауіпті болуы мүмкіндігін ерекше атаған жөн. Ауытқушылық жағдайды анықтау үшін мәліметтер жиынтығын анық белгілеріне қарай бөлуді(ол үшін түрлі метрикалар, мысалы Евклид, Хэмминг т.б. [19, 29]; тораптық ШТЖ қолданушылардың жүйелі әрекеттерін модельлеуге арналған тораптық ШТЖ қолданылатын Марк модельдерін, мысалы, желілік пакеттердегі өріс жүйелілігі[30]; мәліметтерді сараптап түрлендіруге арналған Вейвлет сараптамасы [31]; білдіретін кластерлеу алгоритмі сияқты ұстанымға негізделген математикалық статистикалық аппараты жиі қолданылады. Сонымен қатар нейрондық желілер, мысалы, көпқабатты персептронда [32], мәліметтерді ұсыну форматы ретінде жұмыстардың көпшілігінде[33] сипатталған әдіс қолданылады; иммунитетті жауаптың бір аспектісін қолданатын қарапайым аспектілерге [35, 36] негізделген, сонымен қатар адамзаттық иммунитеттің күрделі, бірнеше механизмдеріне [37, 38] еліктейтін жасанды иммунды жүйелер қолданылады. Сонымен қатар иммунокомпьютинг – протеиндердің өзара әрекеттестігін модельлеуге негізделген машиналық оқытудың тұжырымдамасы қолданылады. Қалыптасқан иммунды желі негізгі модель

болып табылады. Бұл ұстанымды желілік және арнайы шабуылдарды, мысалы web-серверге бағытталған шабуылдар анықтау үшін қолдануға тырысады [40]. Ауытқушылығы бар ШТЖ кемшіліктеріне жалған іске қосылудың жоғары деңгейі (кез келген, тіпті қауіпті емес қалыпты белсенділіктен ауытқу жүйенің реакциясын тудырады); жаттықтырушы іріктеме құру қиындығы; есептеуіш ортаның ерекшелігіне тәуелді жаттықтырушы іріктемеге арналған оқыту стратегиясы мен мәліметтер сипаты енгізу мен баптау қиындығы болып табылады. Қазіргі заманғы ауытқушылығы бар ШТЖ елеулі кемшілігіне жүйенің қалыпты жағдайының сәйкес кейпін құру үрдісінің ұзақтығымен байланысты. Ал қайта конфигурациялау, түрлендіру және т.б. өзгерістерде алынған статистика өзекті емес немесе толық емес болып қалады. Жүйе туралы барлық статистика зерттелген, бірақ қажеттілігі жоқ күйде болған кезде ғана тіршілігін тоқтататынын ерекше атаған жөн [26].

5. Жауап қату тәсілі – пассивті, активті; [19]. пассивті, ШТЖ белгілер арқылы өзгертеді және оқиғалар журналына жазба енгізіледі. [41]. активті ШТЖ шабуыл анықталғаннан кейінгі белгілі тәртіппен, яғни ықтимал тәртіп бұзушыларға серверлердің қолжетімділігін жоя отырып, мысалы, қосылыстардың жойылуына, IP мекен-жай т.б. бұғатталуы, түзетуші (мысалы сақтандыруды жою) немесе белсенді іс-әрекеттер қолдануы мүмкін [41].

6. Мониторинг типі бойынша - үздіксіз, мерзімді: [18]. Үздіксіз ШТЖ бақыланатын жүйенің тұрақты бақылауын жүзеге асырады [41] және шабуылдарды жүзеге асыру барысында анықтауға, яғни шынайы (немесе шынайыға жақын уақытта) уақыт режимінде мүмкіндік береді [26]. Мерзімді ШТЖ жүзеге асырылған шабуылдарды анықтау мақсатында сараптама жүргізу [41] үшін уақытша қосылуымен сипатталады. Оларды тұтастылықты бақылау жүйесі мен тіркеу журналының талдауының жүйесіне ажыратуға болады [26].

Неғұрлым белгілі ШТЖ - ге Snort, Ossec, Bro, Proventia Network ADS, RealSecure, Open Source Tripwire, AirSnare, Prelude Hybrid IDS, AAFID, ASAX, NetSTAT, Prelude, SHADOW, lynis – Security and system auditing tool т.б. жатады. Snort жүйесі бұл ШТЖ және ШБЖ ережелерді сипаттау тілін қолданатын ашық бастапқы коды бар бірлестік болып табылады. Бүгінгі күнде пакеттерді тіркеп және шынайы мерзімде IP желілерінде трафикті сараптауды жүзеге асыруға қабілетті, кеңінен қолданылатын технология болып табылады. Ол протоколдау, талдау, ішіндегісі бойынша іздеу, сонымен қатар белсенді емес бірқатар шабуылдарды және бұрғылауды анықтауға арналған немесе бұғаттау кеңінен қолданылады. Snort тәжірибелік түрде ШТЖ түрлі кластарын құруға арналған аспаптық құрал болып табылады[42]. Сонымен қатар Ossec жүйесі ашық бастапқы коды бар аспаптық коды бар құрал болып табылады және журналдарды талдау, файлдар тұтастығын тексеру, руткиттерді шынайы уақыт режимінде табу т.б. бағытталған [43]. Bro желілік жүйесі келген деректерді талдайды және қосымшалар негізінде мағынаны таңдайды, жүйеге зияны тиетін модельлердің белсенділігін салыстыратын оқиғаға бағытталған

анализаторларда орындалады. Bro датчиктер іске қосылғанда, жаңа шабуылдар анықталғанда немесе көп көлемдегі мәліметтерді сканерлеу үшін жоғары жылдамдықтағы қосылуға бағытталған жағдайда басшылыққа алынатын саясатты жазуға арналған өз тілін қолданады. Алғашында шабуылдардың және тәжірибелі мамандар үшін зерттеу платформасы ретінде құрылған болатын[44]. Proventia Network ADS қалыпты трафик бейнесін қалыптастыруға және оның келесі ауытқушылығын бақылауға негізделген. Желілік инфрақұрылым мәліметтер ағынының жиыны мен белсенді ШТЖ желіде орын алатын оқиғалардың жалпы бейнесін алу және күдікті белсенділікті анықтау міндетін шешеді[45]. RealSecure желілік белгілік (сигнатуралық) ШТЖ шынайы мерзімде корпоративтік желі тораптарына және Web – сервер қосымшаларына, мәліметтер қорына, бағытталған жұмыс бекеттеріне, бағдарлауыштар, желі аралық экрандар және т.б. шабуылдарды анықтауға мүмкіндік беретін шабуылдарға әсер ету және автоматты анықтауын қамтамасыз етеді. RealSecure желілік пакеттер және тіркеу журналдарының сараптамасының технологиясын қолданады және желінің толық сегментін (network-based), сонымен бірге корпоративті желінің нақты торабын (host-based) қорғауға бағытталған[46]. Open Source Tripwire тораптық ШТЖ жүйе ішінде файлдарды бақылау және өзгерістерді сараптауды жүзеге асырады. Ол құрылған кезде файл жүйесін сканерлейді және мәліметтер қорында табылған барлық файлдар туралы ақпаратты өзгерістерді бақылау үшін сақтайды. Жүйе шабуылдарды анықтаудан басқа тұтастылықты қамтамасыз ету, өзгерістер мен қауіпсіздік саясатына сәйкестілікті басқару үшін қолданылады[47]. AirSnare жүйесі сымсыз желілер үшін және негізінен өз жергілікті желісінің трафигін бақылауға және барлық бірлестіктерді қарауға бағытталған [48]. Prelude Hybrid IDS жүйесі транзитті желілік трафиктің талдауышы ретінде қызмет атқарады, сервАС жұмысын, қолданушылардың белсенділігін, лог жағдайын сараптайды және соңғы хостағы неғұрлым маңызды файлдардың тұтастылығын бақылайды[49]. AAFID және ASAX сигнатуралық жүйелері тек қосымшалардың және операциялық жүйенің тіркеу журналдарымен жұмыс істейді[50]. AAFID құрамында алдын-ала бағдарламаланған шабуыл сипаттамаларын ашық түрде қолданатын агенттер жинағы бар. Агенттер анықтауға арналған шабуылдардың белгілері қатаң анықталған бағдарламалық модульдер болып табылады. Белгілі шабуылдар сипаттамасының қорын ұйымдастыру қиын кеңейтілетін болып табылады. ASAX жүйесі сценарийлер мен тіркеу журналында құрылымына тәуелсіз мәліметтер форматын сипаттау тілі қолданылады. Ол мәліметтердің жаңа қайнар көзін шабуылдар сценарийі мен сәйкес конвертер қосылған кезде қолдану мүмкін. NetSTAT жүйесі шабуылданушы ресурстың бірізділік жағдайында шабуылдар сценарийінің сипаттамасы тілін қолданады. Осылайша, бұл жүйе формальды әдістерге жақын анықтау әдісін қолданады. SHADOW жүйесі Perl тіліндегі фильтрлер жиынын, шабуылдарды сипаттайтын желілік пакеттердің нақты белгілеріне қатысты ШТЖ құрастырушыларының білімін пайдаланатын сенсорлар мен

талдауыштар қолданады. AAFID сияқты ол да қиын конфигурациясының про файлын құру шабуылды куәландыруы мүмкін ауытқушылықтарды анықтау үшін қолданылады[51].

Барлық қарастырылған жүйені жасаушылар жүйелер құрылған математикалық аппарат туралы айтпайды, сонымен қатар олардың негізгі бөлігі сигнатуралық анықтау технологияларына бағытталған, ал ауытқушылығы бар ШТЖ әдетте өзімен бірге белгілі кемшіліктерге ыңғайы бар статистикалық ұстанымдарға негізделеді. Бұдан бөлек ауытқушылық түрін анықтайтын құралдар ауытқушылық бейнеге қарағанда неғұрлым жоғары жағдайлар санын есепке алу қажеттігін тудыратын жүйедегі қалыпты белсенділіктің бейнесін құруға бағытталған. Бұл жүйені баптаудағы елеулі қиындықтарға әкеледі, ол әсіресе, қоршаған ортаны қамтитын параметрлер анық емес және әлсіз қалыптасқан болған жағдайда анық сезіледі.

1.2 Шабуылдарды табу жүйесін құруға арналған анық емес жиындардың әдістері

Белгілі қатыстылық функциясын (ҚФ) қалыптастыру әдістерін анық емес ортада ауытқушылық жағдайларын анықтау үрдісінде бастапқы деректерді өңдеу міндетін шешу мүмкіндіктерін анықтау үшін қарастырайық. Параметрлерді түзеу әдісі (ПТ) [52, 53] сарапшы неғұрлым сәйкес келетін графикті таңдап, оның параметрлерін анықтап және қажеттілік туындаса түзететін ҚФ стандартты графиктер қорына бағытталған. Осындай қорға, мысалы, келесі функциялар енуі мүмкін [53]: $\mu_1(x,a,b) = 0$ осындағы $x \le a$, $\mu_1(x,a,b) = 2(x-a)^2/(b-a)^2$, осындағы $a < x \le (a+b)/2$, $\mu_1(x,a,b) = 1 - 2(b-x)^2/(b-a)^2$, осындағы $(a+b)/2 < x < b$, $\mu_1(x,a,b) = 1$ осындағы $x \ge b$, $\mu_2(x,a,b) = exp(-(x-a)^2/2b^2)$.Келген деректер(КД) әдісі түрлі түрлі коэффициенттерді немесе ҚФ әсер ететін параметрлерді қолданады. Сандық жұптық салыстыру (СЖС) әдісінде [54-56] $\underset{\sim}{A} = \{\mu_{\underset{\sim}{A}}(x_1)/x_1, \ldots, \mu_{\underset{\sim}{A}}(x_n)/x_n\}$, түріндегі анық емес ішкі жиынтық қолданылады, осындағы $\mu_{\underset{\sim}{A}}(x_1) + \ldots + \mu_{\underset{\sim}{A}}(x_n) = 1$.Жиынтық элементтеріне қатыстылық дәрежесі жұптық салыстырулар негізінде анықталады, ал сарапшыға сұраныс мөлшері $n(n-1)/2$ құрайды және оның пайымдамасы бойынша жұптық салыстырулар қалыптамасы қалыптасады $A = \|a_{ij}\|$, осындағы a_{ij} 1.1.кестесі бойыншатаңдалады. КД әдісінде пайымдау қалыптамасын құру үшін 1.1. кестесінен таңдаймыз. Көріп тұрғанымыздай бұл әдіс еңбекті көп қажетсінеді, әсіресе салыстыратын шамалардың саны көбейгенде меншікті шаманы табу процессі күрделенеді.

Кесте 1.1 - Пайымдау матрицасын құру шкаласы

Маңыздылық бағасы	Сапалық бағасы
1; 3	Бірдей мәнділік; әлсіз артықшылық
5	мықты (немесе маңызды) артықщылық
7; 9	анықартықшылық; абсолюттік артықшылық
2, 4, 6, 8	аралық мағына

Шаршы түбірі анықталған сандық жұптық салыстыру (ШТАСЖС) әдісінде [57] ҚФ (салмақтық коэффициентін) $\mu_{\tilde{A}}(x_i)=\omega_i=\sqrt[n]{a_{i1}\ldots a_{in}}$, арақатынасы бойынша анықтайды, осындағы барлық a_{ij}КД болып табылады және жұптық салыстырулар матрицасы коэффициентін білдіреді.Жеке салыстыруды табатын сандық жұптық салыстыру (ЖСТСЖС) әдісі [58] жұптық салыстырулар матрицасына негізделеді, ал $\mu_{\tilde{A}}(x_1)$, ..., $\mu_{\tilde{A}}(x_n)$ x_1, ..., x_nнүктелерінде $\mu_{\tilde{A}}(x_i)=a_{ij}/(a_{1j}+\ldots+a_{nj})$, формуласымен анықталады, осындағы $i, j \in I=\{1, ..., n\}$. Бұл жерде $\mu_{\tilde{A}}(x_i)$, $(i\in I)$ анықтау үшін еркін $j(j\in I)$, бағаны, A матрицасы анықталады және a_{ij} элементерінің j бағанының барлық элементтерінің қосындысына қатысы есептеледі. КД қалыптастыруға арналған әдісте жұптық салыстырулар матрицасы қолданылады. Интервалды бағалауға негізделген әдіс (ИБН) [59], ҚФ объект кез келген Лингвистикалық анықтамаға сәйкес келу мүмкіндігі туралы түсінік береді. Сарапшы "тамаша" объект пайымына жауап беретін y критерийінің $[y_{min}, y_{max}]$ мәндерінің интервалын анықтайды. Егер $y_x - Y$ объектісінің сипаттама өлшемінің нәтижесі болса, онда y_{max} "мінсіз" облыс шекарасы бар, яғни $y_x \geq y_{max}$, болғанда объект "мінсіз" ұғымына сәйкес келеді деп танылады.Бұл пікірдің мүмкіндігі $\mu_{\tilde{A}}(x)=1$. Осындағы $\tilde{A}$ – сарапшының пайымдауынша "мінсіз" субъектілі оқиға, Егер $y_x=y_{min}$, болса, онда $\mu_{\tilde{A}}(x)=0$, егер $y_{min}< y_x< y_{max}$ онда $0<\mu_{\tilde{A}}(x)<1$.Егер сарапшы y_x мәнін y_{max} шекарасына жақындатса объектінің "мінсіз" болып танылу мүмкіндігі өседі деп пайымдаса, онда

$$\mu_{\tilde{A}}(x)=\begin{cases}0, & при\ y_x \leq y_{min};\\ (y_x - y_{min})/(y_{max} - y_{min}), & при\ y_{min} < y_x < y_{max};\\ 1, & при\ y_x \geq y_{max}.\end{cases} \quad (1.1)$$

Сарапшыларға бірнеше x нүктелерінде y_{min}, y_{max}және y_xбағалау ұсынылады. Мәліметтерді жуықтата отырып, $y_{min}=f_{min}(x)$ и $y_{max}=f_{max}(x)$,сонымен қатар [59] сәйкес пайымдарды сипаттайтын $y_x=f_x(x)$, деңгейлік шектеулерді аламыз. x үшін (1.1) формуласы бойынша $\mu_{\tilde{A}}(x_i)$, сарапшылардың бағаларының нәтижесі бойынша КД есептеледі.

Лингвистикалық термдердің статистикалық мәліметтерді қолдану (ЛТСМҚ) әдісі [60] анық емес жиынтықпен (АЕЖ) сұралатын элементтерді бағалау жиілігі негізінде сипаттайды.Ол үшін [0,1] шкаласында ЛА$X=\{x_i\}$ ($i=\overline{1,n}$)мәні орналасады және әрбір шкала интервалына сарапшылардың айтылуы бірдей саны түседі деп болжайды, керісінше өңдеу жағдайда матрицасы арқылы іске асырылады. Мысалы, ЛА мәнінде ағымдағы өлшемдерді сипаттайтын "Сұраныстар аралығындағы кідіріс уақыты" параметрдің ауытқуын $\Delta B \in [0, B]$ (B – максимальды мүмкін ауытқушылық) бағалау керек. $n=5$мәні үшін ЛА$\{x_i\}$ ($i=\overline{1,5}$),(өте кішкентай, орташа, үлкен, өте үлкен), ал интервалы $[0,B]$және $\Delta B/B$ (бағаланушы қатынас) сарапшы қолданатын ЛА мәнінің жиілігін білдіретін статистика қалыптастыратын k қиындыларына бөлінген. Сарапшының қателіктерін азайту үшін кестеге мәліметтер енгізіледі, нөлдер тұрған жолдың оң, сол жақтарынан жекелеген элементтер өшіріледі. Қайталап айту матрицасы ретінде $k_j = b_{1j} + \ldots + b_{nj}$, $j=\overline{1,5}$, элементтері бар жол қолданылады, одан кейін $k_{max} = max k_j$ таңдалады, ал $k_j = 0$, $c_{ij} = (c_{ij-1} + c_{ij+1})/2,\ i,j=\overline{1,5}$ бар бағандар үшін және кестенің барлық элементтері $c_{ij} = b_{ij} k_{max}/k_j$, өрнегіне өзгереді. Тұжырымды нұсқасы $\mu_{ij} = c_{ij}/c_{imax}$, где $c_{imax} = \max\limits_j c_{ij}$. Бұл әдісте КД ретінде сарапшы пайымдауларымен түсіндірілетін статистикалық зерттеулер нәтижесі қолданылады.

Параметрлерді тағайындау әдісі (ПТ)[61]A параметрі, оның анықтау диапазоны $[a, c]$, лингвистикалық термдер саны (m)және олардың атаулары туралы сараптау ақпаратын(СА) қолдана отырып трапеция тектес және үшбұрышты ТФ қалыптастыруға мүмкіндік береді. Трапеция тектес параметрлік ТФ анықтаймыз, $\tilde{A} = (a, b_1, b_2, c)_{LR}$, осындағы aжәнеc – $\alpha = 1$; $b_1(b_2)$ – $\tilde{A}$ деңгейінің ТФ төменгі және жоғарғы шекарасы, $\alpha = 1$, а L и R [54] -сызықты функциялар. Сәйкесінше $[b_1, b_2]$және$[a, c]$ интервалдары
А параметрінің оптимистік және пессимистік бағасын қамтып көрсетеді. ТФ келесі түрге ие: $\mu_{\tilde{A}}(x) = 0$осындағы $x < a$, $\mu_{\tilde{A}}(x) = (x - a)/(b_1 - a)$ осындағы $a \le x < b_1$, $\mu_{\tilde{A}}(x) = 1$осындағы $b_1 \le x < b_2$, $\mu_{\tilde{A}}(x) = (c - x)/(c - b_2)$ осындағы $b_2 \le x \le c$, $\mu_{\tilde{A}}(x) =$ 0 осындағы $x > c$. Бұл жерде $[a, c]$ интервалы ҚФ тасымалдаушысы болады, б $\tilde{A}$, а $[b_1, b_2]$-оның өзегі болып табылады.α-деңгейіндегі сипаттама $\tilde{A} = \bigcup\limits_{\alpha \in [0,1]} (a_\alpha, b_\alpha)$: $a_a = a + (b_1 - a)a;\ c_a = c - (c - b_2)\alpha.$ түрінде ұсынылады. Әдіске сәйкес $b_1 = b_2$ жағдайында үшбұрышты ҚФ анықтауға болады.Бұл КД әдісі үшін сарапшы тағайындаған ҚФ параметрлері болып табылады. Сауалнама әдісінде(СӘ) [62] сарапшылардың

m қолданылады, олардың ішіндегі $n_1(n_2=m-n_1$айырмашылығы) $x \in X=\{x_1, x_2, \ldots, x_m\}$ НМ $\tilde{A}$ элементінің қатыстылығына байланысты өз пайымдарын болымды түрде білдіреді. Бұл жағдайда $\mu_{\tilde{A}}(x) = n_1 / (n_1 + n_2)$ және $\tilde{A}$ класына енетін x объектісініңқолдану жиілігінің ықтималдығын білдіреді.Бұл жерде КД ретінде n_1 и n_2 мәндері қолданылады.

Тура және керісінше бағалау әдісі (ТКБ) [63] ҚФ алудың екі ұстанымы – тура және кері бағалауға негіделген. $\tilde{A}$ субъектілік ұғымы Xзерттеуаймағын X_0, X_1и $X_н$ бөліктеріне бөледі. Осында X_0 и $X_1[x_{min}]$ и $[x_{max}]$объектілерімен құрылған, сәйкесінше субъектіде оның бойында $\tilde{A}$ қасиеттері бар - жоғын, ал $X_н$бөлігі белгісіздік аймағы жөнінде күдік туындамайды. Енді субъект $\tilde{A}$ қасиеті x объектісі $x_0 \in X_0$ и $x_1 \in X_1$ әрбір жұбымен арақатынасқа қалай түсетіні жөнінде баға қоя алады. Бұл үшін ол X тен xx_0 и x_1x_0 интервалдары үшін құрылған жабдықтардың екі өзгешеліктерінің дәрежесін салыстырады және бұл ерекшеліктердің арақатынасын бағалайды. Сонымен, субъектіні X_1 и X_0, анықтауды сұрайды, сонымен қатар оларға сәйкестілікке ерікті $\mu_{\tilde{A}}(x_{min})$ и $\mu_{\tilde{A}}(x_{max})$ қоюды сұрайды.Ары қарай кездейсоқ тәсілмен оған бірнеше рет $x \in X_H$ нүктелер жиынын ұсынады және $X_H(x) \in [\mu_{\tilde{A}}(x_{min}), \mu_{\tilde{A}}(x_{max})]$әрбір бағасын $\tilde{A}$ қасиеттерін x объектісінде қабылдауын, яғни $x\tilde{A}$ қасиеттеріне ие деген келісім дәрежесін анықтайтындай етіп бейнелеуін сұрайды. Бұл $(r(x) - \mu_{\tilde{A}}(x_{min}))/(\mu_{\tilde{A}}(x_{max}) - \mu_{\tilde{A}}(x_{min}))$өрнегі $\tilde{A}$ қасиеттерінің x_{min}объектісінен x объектісіне және $\tilde{A}$ қасиеттерінің $x_{min}x_{max}$ ауысуы кезінде өсім арақатынасын білдіреді деген пікірге сәйкес келеді. $\mu_{\tilde{A}}(x_{min})$ және $\mu_{\tilde{A}}(x_{max})$ бағалары $\tilde{A}$ жиынтығының сәйкесінше x_{min}және x_{max}қатыстылық дәрежесінің мәндеріне жауап берсе, онда $r(x)$ x–тің $\tilde{A}$ қатыстылық дәрежесі болып табылады. Тура бағалауда ұсынылған объектілер үшін сарапшы тағайындаған қатыстылық дәрежесі; кері бағалауда – сәйкес объектілерді таңдау үшін қажет қатыстылық дәрежесі рәсімін бірдей ҚФ және КД беретінін атап өткен жөн.

Ең аз шаршыларды жуппен салыстыру әдісі (ЕАШЖС) [54, 64]СЖС әдісіндегі бинарлық қатынастар матрицасына негізделген, яғни ізделіп отырған мәндер оптимизациялық теңдеу негізінде қалыптасады $f = \sum_{i=1}^{n} \sum_{j=1}^{n} (a_{ij} - \omega_i / \omega_j)^2 \to min; \sum \omega_i = 1, \omega_i > 0$. Бұл жерде КД СЖС, (ШТАСЖС)және (ЖСТСЖС) әдістеріне ұқсас қалыптасады, бірақ бұл әдіс еңбекті көп қажетсінеді және қолданылмайды деуге болады.

Дәрежелік бағаларды жұппен салыстыру әдісі (ДБЖС) [57] КД ретінде жұппен салыстыру қалыптамасын қолданады. Бұл жерде ҚФ құру алгоритмі келесі кезеңдерден тұрады:

а) ЛА анықтау;

б) ЛА анықтамасының әмбебап жиынын қалыптастыру;

в)анық емес термдердің жиынтығын анықтау$\{S_1, S_2, ..., S_n\}$; г) әрбір S_j матрицасы үшін $A=\begin{bmatrix} 1 & r_2/r_1 & \dots & r_n/r_1 \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ r_1/r_n & r_2/r_n & \dots & 1 \end{bmatrix}$ қалыптастыру, осындағы $r_i=r(x_i)$ ($i=\overline{1,n}$) $-x_i\in X$, S сипаттайтын қасиеттер қалыптастырудағы элемент мәнінің дәрежесі; д) кез – келген терм үшін ҚФ элементтерін формулалар бойынша есептеп шығару: $\mu_{\tilde{A}}(x_1)=(1+r_2/r_1+\dots+r_n/r_1)^{-1}$, $\mu_{\tilde{A}}(x_2)=(r_1/r_2+\dots+r_n/r_2)^{-1}$, $\mu_{\tilde{A}}(x_n)=(r_1/r_n+r_2/r_n+\dots+1)^{-1}$; е) қалыптасқан ҚФ тұрақтандыру. Формулалар бойынша ҚФ анықтаудың екі тәуелсіз әдісі бар: 1)9 балдық шкала (9-ең жоғары дәреже,1-ең төменгі дәреже) бойынша r_i ($i=\overline{1,n}$) деңгейін анықтаудың абсолютті бағасы; 2) дәрежелердің салыстырмалы бағасы бойынша $a_{ij}=r_j/r_i$($i,j=\overline{1,n}$). Бұл жерде КД пайымдау қалыптамасын анықтау үшін (СЖС, ШТАСЖС, ЖСТСЖС және ЕАШЖС сияқты) Саати шкаласы (1.1.кестені қараңыз) қолданыла отырып дәрежелік бағалар қалыптасады.

Деңгейлік жиындар әдісі(ДЖ) [65] тиянақталған α-деңгейлерінде Xжиындарының элементтерін таңдау мүмкіндігін қолданады. Негізгі жиынтық элементтерінің $X=\{x_1, ..., x_n\}$ қатыстылық дәрежесі $\tilde{A}$ анық емес ішкі жиынтығына белгілі ($\mu_{\tilde{A}}(x_i)$ белгіленеді) және $\mu_{\tilde{A}}(x_i)\geq\mu_{\tilde{A}}(x_j)$ болғанда осындағы $i>j$ жол беріледі. $\tilde{A}$ ішкі жиынтығы НМ $\tilde{A}$ деңгейлік жиындары деп аталатын X жиындарының анық емес ішкі жиындарына сәйкестілігі қойылады.α-деңгейінің жиыны $A_\alpha=\{x:\mu_{\tilde{A}}(x)\geq\alpha, x\in X\}$ анықталады. Егер$\alpha_1>\alpha_2$, онда A_α α параметрінің өспелі функциясы, сонымен қатар егер кейбір α_kпараметрлері үшін $\mu_{\tilde{A}}(x)\geq\alpha_k$, элементтер болмаса, онда $A_\alpha=\varnothing$ $A_\alpha=\varnothing$ үшін $\alpha\geq\alpha_k$. Ары қарай $\mu_{\tilde{A}}(x_i)\,\mu_{\tilde{A}}(x_1)=nP(x_1)$; $\mu_{\tilde{A}}(x_2)=(n-1)P(x_2)+P(x_1)$; ... $\mu_{\tilde{A}}(x_k)=(n-k+1)P(x_k)+\sum_{i=1}^{k-1}P(x_i)$; ... $\mu_{\tilde{A}}(x_{n-1})=2P(x_{n-1})+\sum_{i=1}^{n-2}P(x_i)$; $\mu_{\tilde{A}}(x_n)=\sum_{i=1}^{n}P(x_i)$, ретінде анықтаймыз, осындағы n- X- тегі элементтер саны, $\mu_{\tilde{A}}(x_i)$ $-\tilde{A}$ ішкі жиынтығына x_i қатыстылығының дәрежесі,

$P(x_i)$ –x_i.таңдау мүмкіндігі (сараптама). Егер $i \geq j$, онда $\mu_{\tilde{A}}(x_i) \geq \mu_{\tilde{A}}(x_j)$ және $P(x_i) \geq P(x_j)$және керісінше, егер $P(x_i) \geq P(x_j)$, онда $\mu_{\tilde{A}}(x_i) \geq \mu_{\tilde{A}}(x_j)$ екенін ескеру керек. Бос жиын алу мүмкіндігі нөлге тең болғанда, онда $\mu_{\tilde{A}}(x_n) = 1$. $P(x_i)$ есептеу үшін [65] сипатталған алгоритм қолданылады. КД әдісінде сарапшылар тапсырған тиянақталған α-деңгейлерінде Xжиындарының элементтерінің топтары болып табылады.

Сандық әдіс (СӘ) [54] қарастырылған әрбір кластың сандық мәнін анықтайтын сарапшылар тобының сұранысымен байланысты және барлық nсарапшылардың мәліметтері бойынша орташасы, яғни $\mu_{\tilde{A}}(x) = (\mu_{\tilde{A}}(x_1) + \ldots + \mu_{\tilde{A}}(x_n))/n$ анықталады. Бұл жерде КД ретінде [0,1] интервалының қатыстылық дәрежесінде болатын сандық мәндер қолданылады.

Экспоненттік ТФ құру әдісі (ЭҚФҚ) [59, 66] экспоненттті функция, ережелер көмегімен ізделіп отырған ҚФ коэффициенттерін анықтауға арналған сарапшы бағаларына сүйенеді: егер $\alpha \le x \le \beta$, онда $\mu_{(\alpha,\beta)}(x)=1$; егер$x < \alpha$, онда $\mu_{(\alpha,\beta)}(x)=\mu_{(\alpha)}(x);$ егер$x < \beta$, онда $\mu_{(\alpha,\beta)}(x)=\mu_{\beta}(x),$ осындағыαжәне β – анық емес сан шыдамдылығының шегі(АЕС); $\mu_{(\alpha,\beta)}(x)$ -(α, β); $\mu_{(\alpha)}(x)$ және $\mu_{(\beta)}(x)$ интервалындағы ҚФ мәні -αжәнеβ шамамен тең ҚФ сандары. Жақын нүктелік бағалар үшін ҚФ құрылады. Белгісіз K шамамен теңсан үшін ҚФ құру $\mu_K(x)=e^{-\alpha(K-x)^2}$ функциясы арқылы жүзеге асырылады, осындағы $a=-4\ln(0,5)/\beta^2$, ал β – ауысу нүктелері арасындағы арақашықтық (aжәне$в$), яғни $\mu_K(x)=0,5.\beta$анықтау үшін K натурал санын береміз, осындағы q – кіші мәнге ие цифр, оның мүмкін мәндерін қалдықтар класына бөлеміз $mod(3)$. Айнымалы $d\in\{0, 1, 2\}$ енгіземіз және альтернативті $M_d\{d=0, 1, 2\}, d=qmod(3)$. Ары қарай 1-ден 99 аралығындағы бүтін санды U айнымалысын анықтаймыз және оның әрбір мәні үшін $a(u), b(u)$және $\beta(u)$параметрлері белгілі. Сауалнама нәтижесі бойынша Uмәні арқылы 1.2. кестесін қолдана отырып $\beta(u)$ табуға болатыны анықталды, осындағы $E(u/10)$мәні $(u/10)$ мәнінен антьє білдіреді, ал $\beta(u)$ K M_i қай класына жататындығына байланысты. Егер r_q –q- разрядында орналасқан Kсаны болса, онда [66] сипатталған алгоритм әрекет етеді. Бұл әдісте КД жуық нүктелік сарапшылық баға болып табылады. Сарапталған материалды жалпылай келе ПТ, СЖС, ШТАСЖС, ЖСТСЖС, ПТ, СӘ, ЕАШЖС, ДБЖС, СӘ, ЭҚФҚ әдістері үшін КД сарапшылық пікір терім;СЖС, ШТАСЖС, ЖСТСЖС, ЕАШЖС, ДБЖС дәрежелік бағалар негізінде жұппен салыстыру қалыптамалары қолданылады; ИБН –объект үшін белгілі интервалда сипаттамалардың өлшемі; ЛТСМҚ – элемент сипаттамаларының статистикалық мәліметтері; ТКБ - белгілі интервалдың нүктелеріне баға тағайындау; ДЖ - α-деңгейі элементтерінің жиынына қатысты элементтер тобын тағайындау.

Кесте 1.2 -Ауысу нүктелері арасындағы арақашықтық

U	β(u)
1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9	0,46 u
10, 20, 30, 40, 60, 70, 80, 90	(0,357 – 0,00163u)u
35, 45, 55, 65, 75, 85, 95	(0,213 – 0,00067u)u
5; 15; 25; 50	2,8; 6,48; 6,75; 24
Өзге қос таңбалы сандар	0,5(β(10E(u/10)+5)+β(x–10E(u/10)))

